

**Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Статистика комитеті төрағасының
2020 жылғы «10» ақпандағы
№ 21 бұйрығына 9-қосымша**
Приложение 9 к приказу
Председателя Комитета по статистике
Министерства национальной экономики
Республики Казахстан
от «10» февраля 2020 года № 21

**«Орман өсіру мен ағаш дайындау қызметі туралы есеп» (индексі 1-орман, кезеңділігі жылдық)
жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**
Инструкция по заполнению статистической формы общегосударственного статистического наблюдения
«Отчет о деятельности в лесоводстве и лесозаготовках» (индекс 1-лес, периодичность годовая)

<p>1. Осы «Орман өсіру мен ағаш дайындау қызметі туралы есеп» (индексі 1-орман, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Орман өсіру және ағаш дайындау қызметі туралы есеп» (индексі 1-орман, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.</p> <p>2. Осы Нұсқаулықта Заңда айқындалған мәндердегі ұғымдар, сондай-ақ мынадай анықтамалар пайдаланылады:</p> <p>1) аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу – орманды күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу, іріктеп санитариялық мақсатта ағаш кесу және құндылығы төмен орман екпелерін, сондай-ақ қорғаныштық, су сақтау және басқа да функцияларынан айырылған екпелерді қайта жаңғыртуға байланысты кесу, жекелеген талшыбықтарды кесу;</p> <p>2) басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу – сүрек дайындау үшін толысқан және қураған сүрекдіңдерді кесу;</p> <p>3) қосалқы қызмет түрі – үшінші тұлғалар үшін өнімдерді (жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді) өндіру мақсатында жүзеге асырылатын, негізгіден басқа қызмет түрі;</p> <p>4) қызметтің негізгі түрі – қосылған құны субъект жүзеге асыратын кез келген басқа қызмет түрлерінің қосылған құнынан асатын қызмет түрі;</p> <p>5) орман орналастыру – орман шаруашылығында бірегей ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асыруға, орман шаруашылығын жүргізудің тиімділігін арттыруға бағытталған шаралардың жүйесін жасау;</p> <p>6) орман тұқымы плантациясы – берілген тұқым қуалаушылық қасиеттері және</p>	<p>1. Настоящая инструкция по заполнению статистической формы общегосударственного статистического наблюдения «Отчет о деятельности в лесоводстве и лесозаготовках» (индекс 1-лес, периодичность годовая) (далее – Инструкция) разработана в соответствии с подпунктом 8) статьи 12 Закона Республики Казахстан от 19 марта 2010 года «О государственной статистике» (далее – Закон) и детализирует заполнение статистической формы общегосударственного статистического наблюдения «Отчет о деятельности в лесоводстве и лесозаготовках» (индекс 1-лес, периодичность годовая) (далее – статистическая форма).</p> <p>2. В настоящей Инструкции используются понятия в значениях, определенных в Законе, а также следующие определения:</p> <p>1) рубка промежуточного пользования – рубка ухода за лесом, выборочная санитарная рубка и рубка, связанная с реконструкцией малоценных лесных насаждений, а также насаждений, теряющих защитные, водоохранные и другие функции, рубка единичных деревьев в молодняках;</p> <p>2) рубка главного пользования – рубка спелого и перестойного древостоя для заготовки древесины;</p> <p>3) вторичный вид деятельности – вид деятельности, который осуществляется, помимо основного, с целью производства продукции (работ и услуг) для третьих лиц;</p> <p>4) основной вид деятельности – вид деятельности, добавленная стоимость которого превышает добавленную стоимость любого другого вида деятельности, осуществляемого субъектом;</p> <p>5) лесоустройство – система мероприятий, направленных на повышение эффективности ведения лесного хозяйства, осуществление единой научно-технической политики в лесном хозяйстве, обеспечение рационального пользования лесным фондом;</p>
--	---

себу сапасы жоғары сорттық, элиталық немесе будан тұқымдарын жүйелі түрде (ұзақ уақыт бойы) алуға арналған артықшылығы бар ағаштардың тұқымды, немесе вегетативтік ұрпағы болып табылатын өсімдіктердің арнаулы генетикалық схема бойынша отырғызылып, қолдан өсірілген екпесі;

7) санитарлық кесу – ауырған, зақымданған, құрғай бастаған және құрғаған ағаштары кесілетін, қала жасыл желегінің санитарлық жағдайын жақсарту мақсатында жүргізілетін (іріктемелік, жаппай) кесу.

3. Егер орман өсіру және ағаш дайындау саласындағы көрсетілетін қызмет бірнеше аудан және (немесе) облыс аумағында жүзеге асырылса, заңды тұлғалар және дара кәсіпкерлер статистикалық нысанды әр аумақ бойынша жеке бланкілерде акпаратты жеке көрсете отырып ұсынады, яғни деректер орман шаруашылығы қызметін жүзеге асыру орны бойынша көрсетіледі.

4. 1-бөлімде тіркелген жеріне қарамастан орман өсіру және ағаш дайындау саласындағы қызметті нақты жүзеге асыру орны (облыс, қала, район) көрсетіледі.

5. 2.1-ішкі бөлімде басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу кезінде алынған сүрек дайындау туралы, сондай-ақ жабайы өсетін орман шаруашылығының ағаштық емес өнімдерін дайындау туралы акпарат көрсетіледі.

6. Жабайы өсетін орман шаруашылығының ағаштық емес өнімдеріне табиғи шайыр, өңделмеген немесе бастапқы өңдеуден өткен табиғи тығын, сәндік мақсаттарда пайдаланылатын өсімдіктердің, мүк және қынаның бөлшектері (мүк және қыналар, бұтақына (бұғы мүгі)), гүлі және гүл түйнегі жоқ өсімдіктердің жапырақтары, сабақтары және басқа бөлшектері, гүл шоқтарын жасауға арналған жас немесе кептірілген, ағартылған, сіңдірілген немесе басқа әдіспен дайындалған жарамды шөптер, қылқан жапырақты ағаштардың бұтақтары, жеуге жарамды жабайы өсетін жемістер жатады.

7. 2.1-ішкі бөлімдегі 1-бағанда заттай көріністегі көлемі, 2-бағандағы 2.1-ішкі бөлімде қолданыстағы құны көрсетіледі.

2.2-ішкі бөлімде ағаш дайындау саласына байланысты қызметтерге тікелей орман шегіндегі түрлі жұмыстармен үйлестірілген бөрене тасымалдау қызметтері: кесу, құлату, аралау, қабығынан тазалау және тағы сол сияқты қызмет көрсету көлемі көрсетіледі.

8. 3.1-ішкі бөлімде аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу және өзге де ағаш кесу (жаппай санитариялық кесу; су торабының, құбыржол, жол құрылысына байланысты; орман соқпағын төсеу; өртке қарсы айрылыстарды құру кезінде орман алаңдарын тазарту; өтімді қоқысты жинау; басқа да мақсаттар үшін ағаш кесу) кезінде алынған сүрек дайындау туралы акпарат көрсетіледі.

3.1-ішкі бөлімдегі 1-бағанда дайындалған ағаш сүрегінің көлемі заттай көріністе, 3.1-ішкі бөлімдегі 2-бағанда дайындалған ағаш сүрегінің қолданыстағы бағалардағы құны көрсетіледі.

3.2-ішкі бөлімде орман ағаштарының тұқымдарын дайындау туралы акпарат көрсетіледі. 3.2-ішкі бөлімдегі 1-бағанда дайындалған тұқымдардың заттай көріністегі көлемі, 3.2-ішкі бөлімдегі 2-бағанда дайындалған тұқымдардың қолданыстағы бағалардағы құны көрсетіледі.

б) лесосеменная плантация – искусственно созданное насаждение из высаженных по специальной генетической схеме растений, являющихся семенным или вегетативным потомством плюсовых деревьев, предназначенное для регулярного получения (в течение длительного времени) сортовых, элитных или гибридных семян с заданными наследственными свойствами и высокими посевными качествами.

7) санитарная рубка – рубка (выборочная, сплошная), проводимая с целью улучшения санитарного состояния леса, при которой вырубаются больные, поврежденные, усыхающие и сухостойные деревья.

3. Если деятельность в области лесоводства и лесозаготовок осуществляется на территории нескольких районов и (или) областей, юридические лица и индивидуальные предприниматели представляют статистическую форму, выделяя информацию по каждой территории на отдельных бланках, то есть данные отражаются по месту осуществления деятельности в области лесоводства и лесозаготовок.

4. В разделе 1 указывается место (область, город, район) фактического осуществления деятельности в области лесоводства и лесозаготовок, независимо от места регистрации.

5. В подразделе 2.1 указывается информация о заготовке древесины, полученной при рубках главного пользования, а также продукции лесного хозяйства не древесной дикорастущей.

К продукции лесного хозяйства не древесной дикорастущей относятся смолы природные, пробка натуральная, необработанная или прошедшая первичную обработку, части растений, мхи и лишайники, используемые для декоративных целей, листья, ветки и другие части растений без цветков и бутонов, травы пригодные для составления букетов, свежие или засушенные, отбеленные, пропитанные или подготовленные другим способом, ветки деревьев хвойных, плоды съедобные дикорастущие.

В графе 1 подраздела 2.1 указывается объем в натуральном выражении, в графе 2 подраздела 2.1 – стоимость в действующих ценах.

В подразделе 2.2 указывается объем услуг в области лесозаготовок, куда включаются услуги по транспортированию бревен в сочетании с работами трелевочными, преимущественно в пределах леса: рубку, валку, обрубку, пилку, очистку от коры и другие.

6. В подразделе 3.1 указывается информация о заготовке древесины, полученной при рубках промежуточного пользования и прочих рубках (сплошных санитарных рубках; расчистках лесных площадей в связи со строительством гидроузлов, трубопроводов, дорог; при прокладке просек, создании противопожарных разрывов; уборке ликвидной захламленности; рубках для иных целей).

В графе 1 подраздела 3.1 указывается объем заготовленной древесины в натуральном выражении, в графе 2 подраздела 3.1 – стоимость заготовленной древесины в действующих ценах.

В подразделе 3.2 отражается информация о заготовке семян деревьев лесных.

<p>3.3-ішкі бөлімде орман питомниктерінің қызмет көрсетулері туралы ақпарат көрсетіледі. Ағаш және бұта тұқымдас сеппе және екпе көшеттерін өсіру бойынша қызметтер көрсетілген жағдайда сеппе көшеттер мен екпе көшеттердің құны есепке алынады.</p> <p>9. 4-бөлімде орманды орналастыру бойынша жұмыстар жүргізілген алаңдар көрсетіледі. Орманды орналастыруға жұмсалған шығындар мың теңгемен көрсетіледі. Алаңдар бойынша деректер бір ондық белгімен көрсетіледі, өлшем бірлігі гектар.</p> <p>10. 5-бөлімде ауылшаруашылығы қызметі, аң аулау және аулау бойынша қызмет, балық аулау мен акваөсіру және осы салардағы мен қызмет көрсетулерден басқа, кәсіпорын есепті жылы жүзеге асырған немесе көрсеткен басқа қызмет түрлері бойынша өндірілген өнім (тауарлар, көрсетілген қызметтер) көлемі көрсетіледі. Бұл деректер өндірілген өнімнің (көрсетілген қызметтердің) көлемі көрсетілетін бухгалтерлік есепке алу құжаттарының негізінде толтырылады.</p> <p>11. Есепті кезеңде қызметі болмаған кезде респондент тиісті жылға арналған бекітілген Респонденттердің жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигінде көрсетілген осы есепті кезең үшін статистикалық нысандарды ұсынудың ең ерте мерзімдерінің аяқталу күнінен кешіктірмей Қызметінің болмағандығы туралы хабарламаны Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген) Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларымен белгіленген тәртіпте ұсынады.</p> <p>12. Осы статистикалық нысанды тапсыру электронды форматта немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды форматта толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсына (https://cabinet.stat.gov.kz/) орналастырылған «Деректерді он-лайн режимде жинау» ақпараттық жүйесін қолдану арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>13. Арифметикалық-логикалық бақылау:</p> <p>1) 2.1-ішкі бөлім: егер $1\text{-баған} > 0$, онда $2\text{-баған} > 0$, әрбір жол үшін;</p> <p>2) 3.1-ішкі бөлім: егер $1\text{-баған} > 0$, онда $2\text{-баған} > 0$;</p> <p>3) 3.2-ішкі бөлім: $01\text{-жолы} > 02\text{-жолға}$, әрбір баған үшін; егер $1\text{-баған} > 0$, онда $2 > 0$, 01, 02-жолдар үшін;</p> <p>4) 4-бөлім: егер $1\text{-баған} > 0$, онда $2 > 0$.</p>	<p>В графе 1 подраздела 3.2 указывается объем заготовленных семян в натуральном выражении, в графе 2 подраздела 3.2 – стоимость заготовленных семян в действующих ценах. В случае заготовки семян для собственных нужд, их стоимость оценивается по затратам на их заготовку.</p> <p>В подразделе 3.3 отражается информация об оказании услуг лесопитомников. В случае оказания услуг по выращиванию сеянцев и саженцев древесных и кустарниковых пород в объеме учитывается стоимость сеянцев и саженцев.</p> <p>7. В разделе 4 показываются площади, на которых проведены работы по лесоустройству. Затраты на лесоустройство показываются в тысячах тенге. Данные по площадям указываются с одним десятичным знаком, единица измерения – гектар.</p> <p>8. В разделе 5 показывается объем произведенной продукции (товаров, услуг) по другим видам деятельности, которые осуществлялись или оказывались предприятием в отчетном году, кроме сельскохозяйственной деятельности, деятельности по охоте и отлову, рыболовству и аквакультуре и оказанию услуг в этих областях. Эти данные заполняются на основании документов бухгалтерского учета, где отражаются объемы произведенной продукции (услуг).</p> <p>9. При отсутствии деятельности в отчетный период респондент не позднее даты окончания самого раннего из сроков представления статистических форм за данный отчетный период, указанных в утвержденном Графике представления респондентами первичных статистических данных по общегосударственным статистическим наблюдениям на соответствующий год, представляет Уведомление об отсутствии деятельности в порядке, установленном Правилами представления респондентами первичных статистических данных, утвержденных приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по статистике от 9 июля 2010 года № 173 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 6459).</p> <p>10. Представление данной статистической формы осуществляется в электронном формате или на бумажном носителе. Заполнение статистической формы в электронном формате осуществляется посредством использования Информационной системы «Сбор данных в он-лайн режиме», размещенной на интернет-ресурсе Комитета по статистике Министерства Национальной экономики Республики Казахстан (https://cabinet.stat.gov.kz/).</p> <p>11. Арифметико-логический контроль:</p> <p>1) Подраздел 2.1: если графа 1 > 0, то графа 2 > 0, для каждой строки;</p> <p>2) Подраздел 3.1: если графа 1 > 0, то графа 2 > 0;</p> <p>3) Подраздел 3.2: строке 01 $>$ строки 02, для каждой графы; если графа 1 > 0, то 2 > 0 для 01, 02 строк;</p> <p>4) Раздел 4: если графа 1 > 0, то 2 > 0.</p>
--	---